



ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Ситком сценарийі. Өлеңді өзгерту
айту кімге керек?





Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Ситком сценарийі. Өлеңді өзгерту айту кімге керек?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

I.

Армысыздар. Бұған дейін көпірген операларға, ток-шоуларға, ойын бағдарламаларына, балаларға арналған хабарларға қалай сценарий жазу жайын Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабы бойынша талқылап шықтық. Ендігі кезек ситкомдарға келді. Мұның атауын қазақша тәпсірлесек бір жағдайды баян ететін комедия деу керек. Ситком туралы әңгіменің соңына өзіміздің кезекті дәрісімізді қоса кетерміз. Оның тақырыбы өлең мәтінін неге өзгертіп айтамыз дегенге саяды.

Сонымен Роберт әріптесіміз ситкомды қалай сипаттайды? Ол ситкомға күлкілі жағдайлар деген айдар тағады.

Қазір барлық телеарналар осы ситком түсіргенге үйір болып алды. Көптеген адамдар ситкомға сценарий жазғанды ең оңай деп санайды. Иә, экранға қарайды да мұны мен де жазып, түсіріп беремін деп мәлімдейді. Бұлай айтулары тегін емес. Кейінгі уақытта арзанқол ситкомдар қаптап кетті. Көбінің сапасы сын көтермейді.

Сарапшылардың айтуынша, нарықта ситкомға сценарий жазатындар толып тұр. Бірақ көбі арзан әзілден, сын көтерместей әлсіз сюжеттік желіден аса алмайды. Сапасы төмен ситкомдардың солардың қаламына туғаны талассыз.

Сценарий жазуға талпынғандар сондықтан оның деңгейі төмендерін емес, деңгейі жоғарыларын өздеріне меже етіп белгілеуі керек.

Жағдайды жария ететін комедиялар кей қырынан қарағанда драмаға келіңкірейді. Жақсы оқиғаның басы да, шым-шытырық ортасы да, содан кейін ол шым-шытырықтың тарқалған аяғы да болмақ.

Ситкомның сценарийлерін жазуға стандартты түрде келу керек. Бәрі тест түріндегі сценарий жазудан басталады.

Осы жерде Роберт Хиллиард мырза «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында әркім өзін телевидение арналмаған, тек өзін сынау үшін мәнді тест түріндегі сценарийді қалай бастау туралы құнды кеңестер береді. Тесттің өзінде таптауырынды ізге түсуге болмайды. Егер бұған дейінгілерден өзгешелігі бар оқиға таппасаңыз онда әуре болудың қажеті шамалы. Ақылды, тың ситком шыққанға дейін біраз тер төгесіз. Бірақ осылай жазуға талпыну арқылы теңдессіз тәжірибе жиналады.

Алдымен өзіңіздің бойыңызда қандай қасиеттер бар, соған орай бағдар ұстаныз. Егер жан дүниеніз қалжың мен әзілге бейім болса онда осы төңіректе ізденіңіз. Ситкомның әр сәті көпті күлдіріп отыратын болсын. Бірақ тұтас оқиға желісі әлсіз шығуы мүмкін. Егер жан-дүниенізде нәзіктік басым болса сырға толы ситкомның сценариін жазуға ұмтылыңыз. Ол көрермендерді бей-жай қалдырмайды. Балаларды жақсы көріп, олардың образын ойлап жүресіз бе? Демек сіздің қолыңыздан балаларға арналған ситком жазу келеді деген сөз. Дереу сол тақырып бойынша жазуға кірісіңіз. Қалай болғанда да тест түріндегі сценарий жазудың мақсаты өзіңнің шығармашылық шеберлігіңді ұштау емес пе.

Басқа күрделі телевизиялық туындылар сияқты ситком сериалдарында да алдымен кім бас қаһарман, ал кімдер оның төңірегіндегі екінші пландағы кейіпкерлер екенін анықтап алу керек. Содан кейін бас кейіпкердің мінезі айшықталады. Жаны жұмсақ па, қатаң ба? Мінезі өткір ме, әлде ұяң ба? Турасын айта ма, жоқ төменшіктеп қала ма? Соған орай оның аузына сөз саламыз.

Басқа да кейіпкерлерге осылай келу керек. Сериалдардың мәтініне кіріспес бұрын кейіпкерлердің әрбірін жеке сипаттап арнайы парақшалар толтырған жөн. Қалай әрекет етеді, өздерін қалай ұстайды, жалпы қандай адам дегенді бір сипаттап түргіп қою керек. Кейін сценарий жазылған кезде оның бүкіл сөздері мен қылығы осы қалыпты сақтауға тиіс.

Енді ситком құрылымынан хабардар етейік.

Олардың әрбір көрсетілімі екі немесе үш актіден тұрады. «МЭШ ауруханасындағы шайтанның қызметі», сол сияқты «Үйленген әрі балалары бар» ситкомдарының әр сериясы екі актіден тұрса, атақты «Симпсондар» ситкомының әрбір көрсетілімі үш актіден тұрады. Әр акт аяқталған соң пауза жасалады. Бұл үнсіздікті режиссерлар сәтті ойлап тапқан. Осы пауза кезінде көрермен бойында күту сезімі мен үрей байқалады.

Кейінгі уақытта шартты акт аяқталмастан оның ортасында да пауза жасауға талпыну байқалады. Ол көрермендерге міне бұлтсыз аспанда найзағай ойнайтын сәт жақындап қалды дегенді аңғартуға керек.

Ситкомға арналған сценарийлер әдеби шығармаларға қойылатын талаптарды ұстанады. Демек кіріспесі, оқиғаның өрістеуі, одан шарықтау шегі, ақыр аяғында түйіннің қалай тарқалғаны көрсетіледі.

Ситком сценарийнің әр беті ән шырқап тұруы керек дейді Роберт Хиллиард мырза. Біз мұны таратып



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Ситком сценарийі. Өлеңді өзгерту айту кімге керек?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

түсіндірсек, әр бетінен сіздің жазушылық қабілетіңіз байқалуы керек. Осымен дәрістің алғашқы бөлігін аяқтаймыз. Енді отандық телевизияда белгілі әндердің мәтіні неге бұзылады, сол жөнінде өз ойларымызды сабақтаймыз.

II.

Ендігі дәрісте өлең мәтіндеріне назар аударамыз. Радио мен телеарналарда ән өте көп беріледі. Оның да өз себептері бар. Біріншіден, халқымыздың жан-дүниесінде әннің орны ерекше. Ерте заманда осы даламен жүріп өткен батыс саяхатшысы Адольф Янушкевичтің «маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деп жазуы тегін емес. Ән мұрасы өткен ғасырда жақсы жиналып, бүгінгі ұрпаққа мұқият жетті. Әнді зерттеу Ахмет Жұбанов бастаған музыка саласының мамандарының төл ісіне айналды. Ескі әндерді жинауға Затаевич, Бурсиловский сынды қазақ ортасында тұмаған зертеушілер мен мамандар зор еңбек сіңірді. Қазақ даласында өздері ән шығарып, оны шырқаған Біржан Сал, Үкілі Ыбырай, Ақан Сері, Сегіз сері, Ғазиз, Сүгір, Әсет сынды табиғи дарынды тұлғалар өтті. Олардан мол мұра қалды. Әлемге қазақты танытқан данышпан Абайдан бірнеше ән қалды. Сол Абай «ұйықтап жатқан көңілді ән оятар» деп тегін айтпаған. Ән халықты сергітеді, жан дүниесін тазартады. Сондықтан қазақтың мәңгі өмірлік серігі болып қала береді.

Өткен жиырмамыншы ғасырдың аяғындағы Дүнгенбай Ботбаев, Әсет Бейсеуов, Бекен Жамақаев, Шәмші Қалдаяқов, Еркеғали Рахмадиев және басқа ондаған талантты композиторлар, көзі тірі Ескендір Хасанғалиев, Кеңес Дүйсеков, Төлеген Мұхамеджанов және басқа біртуар таланттар бұл салада тынбай еңбек етті. Соның арқасында қазақ әндерінің бай қоры жинақталды. Осы әндерді шырқау арқылы Әміре Қашаубаев, Ғарифолла Құрманғалиев, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев, Роза Рымбаев және басқа әншілеріміз жер жүзіне танымал болды. Енді жиырма бірінші ғасырда бұл үрдіс жалғасып келеді. Біз музыка маманы емеспіз. Әрі дәрісіміздің бүкіл топтамасы тек мәтін жазу мен оны редакциялауға арналған. Сондықтан телеарналар мен радиодан беріліп жатқан әндердің мәтіндеріндегі олқылықтарға назар аудартамыз. Онда да мағынасы жоқ «чип-чиптерге», «ча-чаларға», «Қызыл өріктерге» тоқталмаймыз. Дені дұрыс ән мәтінінде кетіп қалған кемшіліктерді анықтаймыз. Өнге сөз жазғандар мен әнді орындағандарды ғана емес, әнді телеарна мен радиодан беруге жауапты мамандарды ойландыруымыз керек.

Көп ретте асығыс жазылып, орындалған ән мәтіні ақсап жатады. Мұның себебі мынада. Қазір бәсекенің заманы. Бұл бәсеке ән өнерінде тіпті, шарықтау шегіне жеткен. Өйткені, әншіні ән танымал етеді. Ал танымалдықтың ар жағында жақсы атақ пен мол табыс тұрады. Шығармашылық тазалықтан гөрі атақ пен ақшаны көбірей ойлайтын әншілер ән мәтініндегі олқылықтарға мән берместен эфирге, көптың алдына алып шығуға құмартады. Біртіндеп ән сөзіндегі кемшіліктер байқалады. Бірақ, ол телеарна мен радио және бірнеше мың адам жиналған концерт арқылы тарап кеткен. Енді жөнделің не, жөндемедің не, өте кеш. Қазір соның бір мысалына назарларыңызды аудартамын.

Алдымен радиодан естідік. Естідік те селк ете түстік. Әннің мәтінінде «Жүзімнің таза піскен мойылындай» деген сөз тіркестері жүр екен. Танымал әнші Жұбаньш Жексенұлы тура осылай айтты. Радиодан айтылды да кетті. Ал біз соңына түсіп іздеп көрдік. Сосын білетін мамандардан сұрастырсақ, осы нұсқа телестудияда орындалыпты. Дереу бейне жазбасын іздестірдік. Бар екен, «бар екеніңіз» не, дүйім ел әуенге елітіп ырғалады, соңынан дуылдата қол соғады. «Жүзім піскенде қалай мойылға айналып кетеді, сонда адам өскенде маймылға айналып кете ме» деп сұраған жан баласы жоқ.

Жұбаньш – әнші. Қолына қандай мәтін мен нота тиді, солай шырқаған шығар. Бірақ, сахнадағы басқа селтеңбайларға қарағанда ұлттық ұғымдардан түсінігі бар азамат сияқты еді, неге мән бермей, сол қалпы айта салды екен деп деп бір ойланып қалдық. Түпкі мәселе әнді жазғандарда болуы тиіс. Енді ары қарай індеттік. Иә, осындай мәтіні бар «Көзіңнен айналайын» көрінеді. Әні Алтынбек Қоразбаевтікі екен, ал сөзін Әбдірахман Асылбеков ағамыз жазыпты. Толық шумағы мынадай: «Жүректі жарып шыққан сен бір өлең, Өзің деп жазып келем өндіре мен. Жүзімнің таза піскен мойылындай, Көзіңнен айналайын мөлдіреген».

Жүзімнің бөлек жеміс, мойылдың бөлек жеміс екенін ақын ағамыз қалай білмеген? Қазақы ортада жүзімді де, мойылды да теріп өскен ауыл баласы Алтынбек қалай ескерте салмаған? Мына қалпында нағыз масқара ғой. Онда салыстырып айтсақ: «доллардың құлдыраған теңгесіндей», «қозының ойнақтаған лағындай», «айранның ашып кеткен қымызындай» дей береміз бе? Тілдің тұнығын Әбдірахман, Алтынбек, Жұбаньш сынды тұлғалар лайлап жатса, берідегі дәлдіріштерді тиямыз деу мүлде әурешілік шығар.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Ситком сценарийі. Өлеңді өзгерту айту кімге керек?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Біздіңше, авторлар мәтінді қайта жөндегенше бұл әнді барлық эфирден тоқтату керек-ау. Интернетті кезіп жүрген нұсқасын ақылға келіп алып тастаған дұрыс. «Ашудың келіп тұрған ызасындай» болмауы үшін. Одан беріде Әбдірахмен Асылбеков ағамыз өмірден өтіп кетті. Енді ешқашан жөндеп бере алмайды. Композитор десек те қазақ сөзінің қадірін білетін Алтынбек Қоразбаевтың өзі-ақ осы бір жолды қайта жазып бергені жөн сияқты.

Енді екінші мысалға көшейік. Бұл да талайдан жанды ауыртып жүрген мәселе. Өлең мәтінін бұрмалап-жұлмалап айтатын әншілер көп. Оларға ескерту жасап жатқан ешкімді байқамайсың. Ескерту айтылған күнде оны тыңдаған өнер тобы немесе жеке әнші жоқ. Біртіндеп ақынның өзі осылай жазған сияқты қалыптасып кетеді. Бұл дұрыс емес. Әндегі өлең мәтіні ақын жазған қалыпта айтылуы керек. Мұның ең үлкен дауы «Жігіттер» тобы айтатын «Балқадиха» әніне қатысты туындағаны есте. Қазақтың сөз қадірін білетін өте мықты жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Ақсу жер жанаты», «Қараорман», «Тұйық» сынды романдардың, қаншама хикая мен әңгімелердің және мөлдіреген эсселердің авторы Қалихан Ысқақов ағамыз осы әннің «Күйеуің сексен бесте шал Қадиха» деген жолы дұрыс емес, бұрмаланып кеткенін дәлелдеп бірнеше рет баспасөзде мақала жазды. Қадірменді ақсақал, беделді жазушының жан айқайын өкінішке қарай, «Жігіттер» тобы құлаққа қыстыра қойған жоқ.

Ал белгілі әндердің сөзін қазақтың маңдайалды мықты ақындары жазып кеткен. Бұл шоғырда Мұқағали Мақатаев, Қабдыкәрім Ыдырысов, Жүмекен Нәжімеденов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әли, Сағи Жиенбаев, Ибрагим Исаев сынды ең талантты ақындар тұр. Олардың жазған өлеңдеріне композиторлар қызыға ән жазды. Енді сол әнге айналған өлеңдер қырық жерден бұрмаланып жатқаны ешкімнің жанын ауыртпайды.

Бір мысал келтірейік. Біз қой бағып жүрген кезімізде Тұманбай Молдағалиевтың «Махаббат оты сөнбейді» атты кітабы жарыққа шықты. Беташар өлеңі ғажап еді. Әлі күнге жатқа білеміз. Арада жиырма жыл өткенде осы өлеңге ән шықты. Бұрын бұл әнді Макпал Жүнісова мен Ержан Белғозиевтің орындауында тыңдаушы едік. Енді телеарнадан үш гитарашының қосылып айтқанын тыңдадық. Қалай орындап жүргенін талдауға маман емеспіз. Тек осы өлеңнің біраз жолдары бұрмаланып, мағынасынан ауытқып айтылатынын аңғардық. Тексеріп көрелік.

Телеарнадан орындалған «Ғашық жүрек» әні мынадай мәтінмен халыққа тарап жатыр:

«Алқынғандай, талпынғандай боласың. Шарпылғандай бүкіл қазақ даласын. Көкірегіме сыймай кетіп барасың. Ғашық жүрек, қайда барып соғасың. Дебіріңді тауысқандай боласың. Жазы күзге ауысқандай барасың. Күз жапырақтай қалтырайсың, тоңасың. Ғашық жүрек, қайда барып соғасың? Назырканып тілегіңнің бағасын. Келер күннен бір сүйеніш табасың.

Бейтаныс бір терезені қағасың. Ғашық жүрек қайда барып соғасың? Күздің желі жапырағыңды толасың. Сонда да сен бақытыңды табасың. Жете алмайтын арманыңа жетесің. Ғашық жүрек, қайда барып соғасың?

Қайырмаларында әр шумақтың соңғы екі жолы қайталанатынын ескермегенде осы мәтінді телеарналар мен радиодан тыңдап жүрміз. Енді кітаптағы нұсқасы мен телеарналарда тарап жатқан әншілердің аузындағы нұсқаны түгел салыстырып шығалық.

Біріншіден, телеарнада айтылғандай: «Алқынғандай, талпынғандай боласың, Шарпылғандай бүкіл қазақ даласын» емес, «Алқынғандай, талпынғандай боласың, Шарқ ұрғандай бүкіл қазақ даласын» деп жазылған. Бүкіл қазақ даласы неге шарпылуы мүмкін: соғысқа ма, өртке ме? Ондайдан Құдай сақтасын! Жалпы «шарпылу» жақсылыққа айтылмаса керек. Оны білмесе, Тұманбай ақын болар ма? Ал «қазақ даласын шарқ ұру» ақынның шынайы махаббат сезімін аңғартпай ма?

Екіншіден, кітаптағы нұсқасы әншілердің аузындағы: «Дебіріңді тауысқандай боласың. Жазы күзге ауысқандай барасың» емес, «Дебіріңді тауысқандай боласың. Жазың күзге ауысқандай боласың». Иә, жайнаған жазың салқын күзге ауысқандай күй кешесің. Шын ғашықтың күйін бейнелейтін ғажап теңеу Тұманбай ағамыздың қаламынан осылай туса керек! Ал қазіргілер шырқап жүрген «Жазы күзге ауысқандай барасың» дегенде қандай мағына болуы мүмкін? Сосын қазақта «дебір» деген сөз жоқ, түпнұсқада «дегір».

Үшіншіден, кітаптағы нұсқасы әншілердің аузындағы: «Назырканып тілегіңнің бағасын, Келер күннен бір сүйеніш табасың» емес, бұдан бөлек: «Назырканып тірлігіңнің бағасын, Келер күннен бір сүйеніш табасың». Себебі, тілекте баға болмады. Ал тірлік бағаланады. Сол тірлігінің бағасына назырқанған ақынның шамырқанған шақта шығарған шумақтары емес пе. Аяулы ақынның мөлдіреген ойын әншілер қалай быт-шыт еткені көрініп тұр.

Ең соңғы төртінші шумақ та бүлінген екен. Кітаптағы нұсқасы әншілердің аузындағы: «Күздің желі жапырағыңды толасың. Сонда да сен бақытыңды табасың» емес, одан өзгеше еді: «Күздің желі



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Ситком сценарийі. Өлеңді өзгерту айту кімге керек?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

жапырағынды тонасын, Сонда да сен бақытыңды табасың». «Күздің желі жапырағынды толасын» дегенде қандай мағына бар? Сылдыр сөздер тізбегі ғой. Ал «Күздің желі жапырағынды тонасын, Сонда да сен бақытыңды табасың» деген сөздер – адамды бақыт үшін күресуге шақыратын өр ұранның өзі емес пе!

Солай, қайран төрт шумақ жыр жұлым-жұлымы шығып айтылып жүр. Тыңдап отырғанда жылағың келеді. Әншілердің даусына емес, ақынның асыл сөздері қалай қор болғанына.

Тағы бір өлеңге қатысты мысалды айта кетпекпіз. Бұл жолы бұрмаланған ән емес. Телеарнаның комментаторы тарапынан дәстүр бұрмаланды. Оның сыры телеарна қызметкерінің ақындарды оқымағандығында. Оқыса түйсінер еді. Түйсінсе қателеспес еді.

Телевизияның спортқа маманданған арнасынан футбол көріп отырмыз. Көрініске сипаттама сөзді көзтаныс ініміз айтып жатыр. Ресей командасындағы бір қорғаушы жайында «қателікке көп жол береді» деп қойды. Ай, бауыр-ай, «көп қателеседі» десең қайтер еді» деп іштен тындық.

«Жол беру» – бұл орайда қолданылатын тіркес емес еді. Оның нақты мағынасы бар. Біреу келе жатқан тұсында тоқтап, басқа біреуді өткізіп жібереді. Жасы кіші адам үлкенді алдымен өткізеді. Құрмет белгісі. Әйел болса ер адамға жол береді. Қазақтың қасиетті дәстүрі. Сол дәстүрді сақтаған қаршадай қызға риза болған ақиық ақын Мұқағали:

«Мен жолымды берейін, өт қарағым, Несін күттің, несіне көп қарадың? Анасының бергенін саған берген, Аруағынан айналдым текті Ананың!» деп тебірініп өлең жазған.

Жол беру алдымен осы нақты көріністі білдірсе, кейін бейнелі мағынасы шықты. Енді «жол беру» деп біреудің өзіне деген құрмет-қошеметті, сыйлық-тартуды өзгеге арнауын сипаттайтын болды. Айталық, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңында іргелес Байөлкеде аймақтың құрылған мерейтойына бардық. Мұндағы тойдың бір қызығы – күрес. Байөлкенің атақты палуаны Бақыт Оданайұлы ешкімді шақ келтірмей ақтық белдесуге шықты. Қарсыласы – моңғолдың мықтысы екен. Ол жақта палуандарға «қыран», «піл», «арыстан» және басқа құлаққа жағымды, санаға сіңімді атақтар беріледі. Ұлан-Батордан келген палуан сол атақтың ең жоғарысына жеткен көрінеді. Ақтық бәсеке басталып, екі палуан сәл ырғасқан соң Бақыт бауырымыз күресті тоқтатып, өзінің «жолын беретінін» жария етті. Міне, дәстүр. «Жол берудің» жарқын көрінісі. Біз мұны «Хабар» арнасында ерекше бейнефильмнің өзегіне айналдырдық. Көремермен өз уақытында жоғары бағалаған.

Ал қазақта «қателікке жол беру» деген ұғым жоқ. Демек, ондай тіркес жоқ. Қателікке ұрынады. Қате жібереді. Қысқасы – қателеседі. Алда-жалда «қателікке жол берсе», ол – қатені құрметтеу болып шығар еді. Басқаша түсінік болмайды. Иә, футбол ойынының сипаттамасын айтып отырған біздің сыйлайтын інімізге өз бидайын өзіне қуырып бергенде, ол «қателікке көп жол беріп» отырды. Және біріне тоқталып, тағы да қазақ сөзін өз мағынасына қолдана алмағынын көрсетейік.

Футболды сипаттаушы бір ойыншы жайында «жарақаты аяқталған соң қатарға қосылады» десін. Жарақат қашан аяқталушы еді деп қайран болдық. Біздің білуімізде жара немесе қаупі мен аумағы одан сәл кішірек жарақат тек жазылуы керек. Ал не аяқталады? Уақыт аяқталады. Сол уақытпен есептелетін құбылыстар аяқталады. Айталық: жаңбыр, оқу жылы, демалыс, жұмыс немесе сапар, тіпті мына ойынның уақыты аяқталмақ. «Жарақат аяқталады» дегенді естігенше неге керең болып қалмадық деп отырмыз.

Шамасы, кейінгі жастар кітап оқудан қалған. Әсіресе тарихи романдар мен соғыс туралы көркем әдебиеттерді ешбір парақтамаған. Біз Бауыржан Момышұлы туралы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Әди Шәріповтың «Партизан соқпақтары», Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін», Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» кітаптарын жастанып жатып оқыдық. Соның бәрінде «жарасы жазылған соң» немесе «жарасы жазылғанда» дейді. Одан арғы тарихты қозғаған Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер», Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран», Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң», Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» және басқа ондаған кітаптарда жаралы болған сарбаздар мен сардарлар туралы айтқанда тек «жарасы жазылды» дейді. «Жарасы аяқтаған» жайсаңды көркем әдебиетті қолына алмайтын спорт арнасының қызметкері ғана тауып алыпты.

Бергі замандағы қаламгерлердің өзіне уақыт таптаған телевизия тілшілерінен арғы көне жыраулардың нені айтып, аманаттап кеткенін сұраудың өзі күпірлік шығар. Ал баяғы Сүйінбай Аронұлының және басқа жыраулардың беріде қағазға түсіп, енді кітап болып шыққан толғаулары мен жыларын оқыған тілшілер мына төмендегі қатеге бой алдырмас еді.

Бірде белгілі телеарнадағы жаңалықтар форматындағы сюжеттен «үкіметтің бұл бағдарламасын жүзеге асыру үшін алдыға жүреміз» деген сөйлемді түртіп алдық. Сосын бұл «алдыға» деген сөздің қайдан жылтындап көріне бастағанын еске түсірдік. Иә, түрлі теле арналардағы дене шынықтырып, жаттығу жасауды үйрететін таңғы бағдарламаларда «қолды алдыға созамыз» деп айтып жататын.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Ситком сценарийі. Өлеңді өзгерту айту кімге керек?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Бір-біріне антоним «күн мен түн», «жарық пен қараңғы», «жоғары мен төмен», «оң мен сол» сияқты «алды мен арты» сөздері қазақ ауыз және жазба әдебиетінде жиі кездеседі. Абай «өмірдің алды – ыстық, арты – суық» деген. Тағы бір өлеңінде «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» деген. Бұлар төрт жолдық шумақтың бір-бір тармағы болғанмен, қазір мақалға айналып кетті. Абайда «алды» түбір сөз ретінде жазылған. Еш жалғау жалғанбапты.

Ал «алды» және «арты» сөздеріне жалғау қалай жалғанады? Тағы классикалық әдебиетке жүгінелік. Илияс Есенберлиннің жаңа ғана ауызға алған «Көшпенділер» үштомдығынан мысал таптық. Оның екінші кітабы «Жанталас» романында мынадай көрініс бар: «Тұяқ бақандай қолымен Ақторғынды тік көтеріп, жас баладай алдына алды. Жесір әйелдің жұп-жұмыр аппақ білегі мойнын орай түсті. Дүние шыр көбелек айналып кетті». Үзіндінің соңы. Пай-пай десеңші! Жалпы тарихи ұштаған саналатын «Көшпенділерде» мұндай сезімді суреттеу ара-тұра кездесіп тұрады. Жұртты қызықтырып қоюдың тәсілі емес пе. Қазіргі телеарналар жұртты қызықтырып, рейтинг жинау үшін дөрекі, анайы сөздерді айтқызады. Ал сөзбенен мынадай сұлу да нәзік суреттер салуға қазіргі сценаристер дәрменсіз сияқты. Сол «Жанталас» романында «Батыр Баянның денесін алдына өңгерген қара сұр жігіт жау ортасын жарып өте шықты» деген жолдар бар.

Көрдiңiздер ме, классигiмiз «алдына алды», «алдына өңгерген» деп жазады. Ешқандай «алдыға» емес.

Жазба әдебиеттен әрі қарайық. Халық ауыз әдебиетінде: «Кешегі менің көкжалым, Аруақ қонған жасынан. Мың сан кісі жау келсе, Алдына салып айдаған. Айтқаны қате болмаған, Атының басын бұрмаған. Айбынын оның көрген жау, Алдында қарсы тұрмаған» деп аңыратады. «Аңыратады» деуіміздің сыры бар, бұл – жоқтау өлең үлгісі. Ауыздан ауызға тараған. Мың сан жауды алдыға емес, алдына салып айдаған батырды қапысыз сипаттаған.

Халық мұрасы емес, нақ айтушысы белгілі ауыз әдебиетінде ше? Балқы Базарды тыңдайық:

«Көлденең жатқан Жайықты, Жағалай көшіп жайлаған. Қасарысқан дұшпанның, Артына қолын байлаған, Алдына салып айдаған» дейді ол өз толғауында. Байқадық па: «Артына байлаған да, алдына айдаған». «Алдыға» айдамаған, «алдына» айдаған. Екі сөздің үлкен айырмасы бар. Біріншісін біздің кейінгі заманның жауапсыз тілшілері жаза салады, екіншісі жүздеген жылдар бойы мұра ретінде сақталып бүзге жеткен. Қайсы құнды екенін өздеріңіз айырып аларсыздар.

Сүйінбай Аронұлы ше? Қырғыз ақынымен айтыста қазақ руларының бірін қалай суреттейтін еді? «Сарыарқаны жайлаған, Желіге бие байлаған. Мамадағы аттары Құлын-тайдай ойнаған. Ерегескен дұшпанын Алдына салып айдаған».

Көрдiңiздер ме, бүкiл әдебиетте «алдыға» емес, «алдына» алады, салады екен.

Әлгі теледидардағы жаттығулардағы «алдыға еңкейеміз» дегенді қайтеміз? Оның дұрысы: «алға еңкейеміз». Ал жаңалықтардағы сюжеттерде ғажайып бағдарламаларды жүзеге асыру үшін «алдыға жүреміз» емес, «алға жүреміз». Тілдегі құндылықтарды сақтау, дәстүрді ұғыну үшін «артқа қараймыз», «артыға» емес.

Бұл дәрісте ең соңғы ескертетін жәйт – спорт комментаторлары «қос қарсылас команда» дегенді жиі қолданады. Бокста «қос қарсылас әбден шаршады» деп жатады. Егер олар қарсылас болса, қалай бір-бірімен қос болады? Мұны ойланбайды. Тележүргізушілер ешқашан оқымаған бір өлеңді келтіре отырып осы «қос» деген сөзді қайда, қалай айтудың басын ашып берейік. Қазақта әдетте, «бір» санын – жалғыз немесе жаңғыз десе, «екі» санын – қос дейді. «Жалғыз», «жаңғыз» және «қос» сөздерінің қолданылу тарихы әріде екенін Жаңғызтөбе мен Қосқұдық сынды жер атаулары аңғартады. Қостанай қаласының аты «қос» пен «тана» атты сөздерден құралған. Қазақ жасағының жоғарлармен соғысатын жерінің бірі Қосқолаң аталған.

Қазақ «жалғыз» не «жаңғыз» деп жеке тұрған адамды немесе нәрсені айтатын. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дейтін мақал бар. Ал жазушы Сәкен Жүнісов «Жапандағы жалғыз үй» атты романы жазды. Кезінде Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына ұсынылып, берілмей қалды.

Сол Жүнісовтың келесі «Ақан сері» романында «қос ат жеккен жайдақ шаналар қатарласа берді» деген сөйлем бар. Міне, «қос» сөзінің нақты мағынасы. Бірге тұратын, не бірге жүретін екі нәрсені қазақ «қос» дейді. «Қорыққанға қос көрінеді» деген тұрақты тіркестің мағынасы – бір нәрсенің екеу болып көрінуі. Түсінікті болар.

Беріде ара-тұра орыстың «пар» сөзін қолданғандар болды. Әсіресе қыста атқа шана шегетін ауылдарда пар ат дей береді. Атшананы қазақтар көбіне орыс шеберлерінен сатып алған соң оған қатысты «пар» сөзінің енуі әбден мүмкін.

«Екі», «пар» және «қос» сөздері тегіс қолданылған өлең Әбділдә Тәжібаевта бар: «Тастақ жол, пар



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Ситком сценарийі. Өлеңді өзгерту айту кімге керек?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

ат жеккен жеңіл арба, Барады құйындатып күн батарда. Жел ескен екпінінен екі құр ат, Жарқылдар тағалардан от шашырап. Көңілді, божы ұстаған жас баланың, Кешкісін қоңырлатып салған әнін, Сүйсіне қос жолаушы тыңдай түсіп, Бөктерлей Алатауды келеді ұшып». Сәнді сурет емес пе. Біз өлеңді қазақтың «екі» мен «қос» сөздерінің қатарына орыстың «пар» сөзі қосылғанына мысал ретінде келтірдік.

Осының бәрін түйіндесек, қарама-қарсы тұрған екі адам не қарсы ойнаған команда ешқашан «қос» болмайды. «Қос боксшы» деп алда-жалда бір марапаттау кезінде немесе басқа шарада Серік Сәпиев пен Данияр Елеусінов қатар отыра қалса айту керек. Ал, рингте бір-бірімен жұдырықтасып жатқанда ешқашан «қос боксшы» емес. Олар - екі қарсылас. Хоккейде, футболда бір-бірімен ойнап жатқандар «қос команда» болмайды. Ал турнир тізбесінде «Жетісу» мен «Ақтөбе» қатар тұрып, сол екеуі туралы сөз болса «қос команда» деудің әбестігі жоқ.

Жиырма екінші сабақты пысықтау:

Жүзімге теңеу іздегенде оны мойылдай деу еш қисынға сыймады
Әннің сөзін бірден естіп алып айта беру оны бұрмалауға әкеліп соғады.
Спорт комментаторлары көркем әдебиетті оқымағанан көп қателеседі.